

Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 1144 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан осы қаулының қосымшасына сәйкес жер участеклеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жұндібаев

Әкімдіктің

2025 жылғы 5 тамыздағы

№ 1144 қаулысына

қосымша

"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгіленетін жер участеклерінің тізбесі

1) Қостанай қаласы, Қонақ шағын ауданы мекенжайында орналасқан жер участекі, жалпы алаңы 0,0382 гектар, "Қостанай қаласы, Қонақ шағын ауданындағы 2-шығару өрт сөндіру депосының құрылышы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды салу және пайдалану үшін (сыртқы электрмен жабдықтау желілері);

2) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер участекі, жалпы алаңы 0,0050 гектар, "Қостанай қаласы, Қонақ шағын ауданындағы 2-шығару

өрт сөндіру депосының құрылышы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды салу және пайдалану үшін (сыртқы газбен жабдықтау желілері);

3) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0142 гектар, "Қостанай қаласы, Қонай шағын ауданындағы 2-шығару өрт сөндіру депосының құрылышы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды салу және пайдалану үшін (сыртқы сумен жабдықтау желілері);

4) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0117 гектар, "Қостанай қаласы, Қонай шағын ауданындағы 2-шығару өрт сөндіру депосының құрылышы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды салу және пайдалану үшін (сыртқы кәріз желілері);

5) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0792 гектар, "Қостанай қаласы, Қонай шағын ауданындағы 2-шығару өрт сөндіру депосының құрылышы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды салу және пайдалану үшін (сыртқы байланыс желілері).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК